



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

С.Аманжол

«Келісемін»

ДТЖО орынбасары

С.Көшербайұлы

«Мәдени жалпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 8-сынып жетекшісі

Пернебек Нұрланның 2023-2024 оқу жылына арналған

сынып сағаттарының жұмыс жоспары

Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері

Тәрбие мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже


1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ




ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

(мемлекетшілдік)



-
- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
 - ✓ Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
 - ✓ Елінің тарихын құрметтейді
 - ✓ Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
 - ✓ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайды

АР-ҰЯТ



- ✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
- ✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды
- ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады
- ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды

ТАЛАП



-
- | | |
|---------------------------------------|--|
| ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды | ✓ Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық |
| ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді | ✓ Ізденімпаз, жасампаз тұлға |
| ✓ Қоршаған орта тазалығын сақтайды | |

СЫНЫП САҒАТТАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТӘЖІРИБЕЛЕР, ЖОБАЛАР

Сынып сағаттары

- «Ар-ұят және жауапкершілік»
- «Біздің қоғамдағы әділеттілік»
- «Іс-әрекеттегі мейірімділік»
- «Мейірімділік құндылығы»
- «Күнделікті өмірдегі адалдық»
- «Этикалық құндылықтарды дамыту»
- «Отаншылдық және оның мәні»
- «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз»
- «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»
- «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»
- «Қоғамдық игілікке қызмет ету»
- «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»
- «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»
- «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»
- «Құқықтық мәдениет және оның маңызы»
- «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық»



Әлеуметтік тәжірибелер, жобалар

- «Еңбегі адал жас өрен»
- «Жеткіншектің жеті жарғысы»
- «Балалар кітапханасы»
- «Ұлттық мектеп лигасы»
- «Қайырымдылық»
- «Қарияға қол ұшын соз»
- «Таза аула»
- «Жасыл мектеп»
- «Эковолонтерлер»
- «Экологиялық мониторинг»
- «Экологиялық туризм»
- «Үнемді тұтыну»
- «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла»
- «Мектептегі энергияны үнемдеу»
- «Судың да сұрауы бар»
- «Қолөнер шеберханасы»
- «Мектеп қабырғасындағы бизнес»
- «Аспаздық жоба»
- «Бейбіт күннің қаһармандары»
- «Өнер мен құндылықтар»
- «Тарихқа құрмет»
- «Менің отбасымның өмірлік жолы»
- «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру»
- «Күнделікті пайдалы тағам»
- «Зиянды әдеттер аулақ бол»
- «Спорт және мен»
- «Қауіпсіздік және алғашқы көмек»
- «Психологиялық әл-ауқат және стресске төзімділік»
- «Ұйқы және оның денсаулыққа әсері»
- «Экранға тәуелділік: заманауи жаман әдет»
- «Цифрлық гигиена»

Жобамен жұмыс істеу барысында жобаға жетекші педагог білім алушыларға жұмыстың барлық кезеңдерінде тәлімгер әрі кеңесші ретінде қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық ізденістеріне сенім білдіріп, өз жұмысының нәтижесі үшін өз бетінше шешім қабылдауына мүмкіндік беруі маңызды.

Ұсынылған тақырыптарды білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдау қажет.

**2023-2024 оқу жылының 9-11 сынып
тәрбие сағаттарының тақырыптары**

	Мерзімі	Тәрбие құндылықтары	Тақырыбы	Ескерту
1	қыркүйек	Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап	Мектебім – мейірім мекені!	
2		Талап, ар-ұят	Мектептегі оқушының міндеті мен ережесі	
3		Ұлттық мүдде	Тілім бар да қазағым бар, халқым бар	
4		Ар-ұят	Жүрегім толы мейірім	
5		Ар-ұят	Ұстаз — ұлы тұлға	
6	Қазан	Ар-ұят	Қарттарым – асыл қазынам!	
7		Ар-ұят	Мейірімділік - асыл қасиет	
8		Талап	Елдің мықты тірегі- дені сау ұрпақ	
9		Талап, ар-ұят	Өмір теңіз жүзем онда деменіз, Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз	
10	қараша	Талап	Қоғамдық тәртіп негіздері	
11		Талап	Әдеп және әдет	
12		Талап	Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі	
13		Ар-ұят	Адалдық - адамдықтың белгісі	
14	желтоқсан	Талап	Ең сұмдық, ең азапты ... ЖҚТБ	
15		Ұлттық мүдде	Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан ...	
16		Ұлттық мүдде	Қазақстан болашағы білімді ұрпақта	
17		Ұлттық мүдде, талап	Жаңа жыл – жаңа қадам, жаңа бағыт	
18	қаңтар	Талап, ар-ұят	Құқықтық тәрбие негізі отбасынан басталады	
19		Талап, Ар-ұят	Тәртіпке бағын жасыңнан	
20		Ар-ұят	Арыңды жасыңнан сақта!	
21		Талап, Ар-ұят	Қылмыс және жаза	
22	ақпан	Талап, Ар-ұят	Жауапкершілік құндылықтары	
23		Ұлттық мүдде, Ар-ұят	Адам және отбасы-қоғам бөлігі	
24		Ұлттық мүдде	Алаш қозғалысының кайраткерлері	
25		Ұлттық мүдде	Салт дәстүрді сақтап жүрміз бе?	
26	наурыз	Ұлттық мүдде	Алғыс айту күні (Болашақ бүгіннен басталады)	
27		Ар-ұят	Өзінді өзің сыйласаң, жат жаныңнан түңілер	
28		Ұлттық мүдде	Наурыз - Ұлыстың ұлы күні	
30		Талап	Дені сау адам — қоғамның маңызды құндылығы	
31		Талап, ар-ұят	Әдептілік, ар, ұят адалдықтың белгісі	
32		Ұлттық мүдде, Талап	Заңды білмеген, зардап шегеді	
33		Ұлттық мүдде	Ынтымақ, бірлік, келісім – ең басты байлық ел үшін	
34		Ұлттық мүдде	Ұранды ердің - ұрпағы қайсар	
		Талап	Жазғы демалыстағы қауіпсіздік ережелері	

«Мәдени жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

2023-2024 оқу жылында 8-сынып оқушыларымен атқарылған тәрбие жұмыстарының есебі

2023-2024 оқу жылында 8 сыныпта 22 оқушы білім алды. Оның 11-і ұл бала, 11-і қыз бала. Сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып оқушыларды адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты, сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу.

- Ар-ұят тәрбиесі: Тұлғаның Қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.
- Ұлттық мүдде тәрбиесі: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Талап тәрбиесі: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Оқушы мен жұмыс бағытында: Сынып белсенділері сайланып, жұмыстары есебі, тоқсандық жиналыстарда тыңдалынды. сынып жиналыстары түрлендіріліп ұйымдастырылып, уақытылы өткізіліп, хаттамалары толтырылды. Жоспар бойынша үлгерімі нашар және қабілетті оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Сынып жиналыстарында тазалық, ұқыптылық сыйластық туралы түсіндірілді. Сынып оқушылары үнемі кітапханамен байланыста болып, ертегі кітаптарын алып оқып отырды. Мектепте өтілген іс-шараларға қатысып белсенділік танытып отырды. 1-қыркүйек Білім күніне арналаған іс-шара өтілді. Сынып сағаты өтілді 25-қазан Республика күніне арналаған сынып сағатынан үзінді.

